



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаты
М. Бақтиярұлына

2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 16-13-18Д/С

Құрметті Мұрат Бақтиярұлы!

Сіздің терминологиялық комиссияның жұмыстарына қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазіргі кезде қазақ терминологиясының теориялық және практикалық мәселелері бойынша көптеген еңбек жазылып, салалық терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Терминдердің электрондық базасы (termincom.kz) қалыптастырылып (2017 жылы), жинақталған терминологиялық қор 370 мыңнан астам бірлікті құрайды.

Терминология саласын дамыту ісінде, атап айтқанда, терминдерді реттеуде Үкімет жанындағы Республикалық терминология комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) рөлі ерекше. Қазіргі уақытта терминдердің сапасын арттыру мақсатында Комиссия құрамына мемлекеттік қызметшілердің орнына терминология мәселелерімен маманданатын лингвист ғалымдарды, техника, экономика, заң, медицина және басқа да сала мамандарын тарта отырып, Комиссия құрамын қайта құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ағымдағы жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанынан алғаш рет Терминологиялық орталық құрылды. Орталықтың міндеті терминологиялық саланың фундаменталдық негіздерін қалау және ғылыми жобаларды іске асыру болып табылады.

Терминологияның практикалық бағыттағы жұмыстарымен Білім және ғылым министрлігіне (Бұдан әрі – Министрлік) бағынысты Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы айналысады.

Сондай-ақ Министрлікпен ғылыми-зерттеу институттарында салалық терминологияны жандандыру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта салалық терминологиялық топтардың қызметін ұйымдастырудың қағидалары әзірленуде.

Жалпы, терминология жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелесі Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов